

Ақтөбе облысы Алға ауданы Алға қалалық округі әкімінің 2009 жылғы 5 маусымдағы № 83 "Алға қаласындағы Гагарин көшесінің атауын өзгерту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Алға қаласы әкімінің 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 132 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 8285 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабына сәйкес, Алға қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы Алға ауданы Алға қалалық округі әкімінің 2009 жылғы 5 маусымдағы № 83 "Алға қаласындағы Гагарин көшесінің атауын өзгерту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-3-84 болып тіркелген, 2009 жылдың 21 шілдеде "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Алға қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**.

2. "Ақтөбе облысы Алға ауданы Алға қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды қала әкімінің орынбасары Б.А. Досымовқа жүктелсін

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК